

# ШӘКӘРІМ ШАҢҒЫРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2023 жыл №2 (150) наурыз

## «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ»: 130-ДАН АСТАМ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ ШӘКӘРІМТАНУ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРДЕЛЕДІ

**Шәкәрім университетінде жыл сайын өткізілетін «Шәкәрім оқулары» облыстық конференциясы өтті. Конференция ғұлама философ Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылды.**

Осымен 7 рет өткізілген «Шәкәрім оқуларына» абайтанушы, шәкәрімтанушы ғалымдар, Семей және Аягөз қалаларының, Бородулиха, Жарма, Аягөз аудандарының 22 мектебі мен 8 колледжінен 130-дан астам жоғары сынып оқушылары қатысты.

Ғылыми ізденістерді жүргізу, конференцияларда, конкурстарда сөз сөйлеу, өз жетістіктерін көрсету – мұның бәрі оқушылардың дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жылдам тіл табысуға мүмкіндік беретін сөзсіз.

Алғы сөз сөйлеген университет басшысы Бауыржан Ердембеков оқу орнының аймақтағы мектептермен және колледждермен тығыз ынтымақтастық орнатып келетінін, оқушылардың ғылыми үйірмелердің мүшелері болғандығы қуантарлық жағдай екендігін тілге тиек етті.

«**«Шәкәрім оқулары» – облысымыздағы Ғылым апталығының бастауы. Әрбір білім алушы Шәкәрімнің үш анығын білуі тиіс. Ақын кітаптың шымалдығын: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан – дегеніміз ынсап,**

**әділет, мейірім», - деген сөзбен ашады. Сол себепті де шараның жаңадан жасақталған «Үш анық» конференция-залында өтуі заңдылық деп білемін. Бүгінде шәкәрімтану мәселесі әлі де толыққанды зерттелмеген. Білім алушылар тың тақырыптарды ұсынады деген ойдамыз. Себебі, ортамызда атақты шәкәрімтанушылар, басқа да ғалымдар отырғанына кәміл сенімдімін. Барша қатысушыларға сәттілік тілеймін!»- деді Бауыржан Аманкелдіұлы.**

Шарт бойынша конференцияның бірінші кезеңі мектептер мен колледждерде өтті. Қатысушылар екінші кезеңде инженерлік, физика-математикалық, жаратылыстану, педагогикалық, экономикалық, гуманитарлық және филология ғылымдары бойынша өзіндік ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерімен таныстырды.

«**Конференцияға Аягөз қаласынан келіп отырмын. Осыдан біраз уақыт бұрын университет «Шәкәрім керуені» жобасы аясында біздің мектебімізге келген болатын. Сол кезде осындай**



конференцияның болатынын естідім. Жобамды жасауға бір апта кәлемінде уақыт кетті. Маған инженерия саласы ұнайды. Әсіресе, өзімнің үлесімді отандық трактор жасау саласына қосқым келеді. Сол себепті де бүгін келдім»,- деді Қайыржанұлы Құрметжан Аягөз қаласы, Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы.

Айта кетерлігі, конференцияға 2016-2022 жылдар аралығында барлығы 1500-ден астам шәкәрімтанушы жас ғалым қатысты. Бұдан бөлек, былтырғы жылмен салыстырғанда колледж студенттері аталған шараға белсене қатысуда.

Жалғасы 6-7 беттерде

Осы санда



ШӘКӘРІМ  
ШАҢҒЫРАҒЫНДАҒЫ  
НАУРЫЗ  
АПТАЛЫҒЫ

2-3 бет



ВЫПУСКНИКИ -  
ГОРДОСТЬ  
УНИВЕРСИТЕТА

4-5 бет



«ШӘКӘРІМ  
ОҚУЛАРЫ»

6-7 бет



FACE OF SHAKARIM

10 бет



# ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДАҒЫ

**Шәкәрім университетінің ұжымы Наурыз апталығы аясында бірқатар іс-шаралар кешенін ұйымдастырды. «Көрісу» күнінен басталған ұлық мереке әрі қарай ауқымды шаралармен жалғасын тапты.**

## Көрісу күні

14 наурыз - қазақтың ежелден келе жатқан ата салты Көрісу күні. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен Амал күні аталып өтті. Ел арасында «Амал мерекесі» деп аталатын Көрісу күні бүгінде ұлттық салт-дәстүрді жаңғырта отырып, жаңартқан сипатта атап өтілуде. Осы күні қазақ даласында мал басы түгенделіп, ел-жұрт бір-бірін жылы, жақсы күндердің басталуымен құттықтаған. Бұл күні ағайын-туыс, дос-бауыр қол алысып, құшақтасып, «Бір жасың құтты болсын!» деп көрісіп, амандасқан.

## Жайлау күні

Шәкәрім шаңырағында Гуманитарлық-экономика факультетінің ұйымдастыруымен Жайлау күні өтті. Игі шараға университеттің басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Мерекелік шара барысында факультет студенттері «Жасыл кампус» акциясы аясында оқу орны аумағын аббатандыру бойынша бірқатар жұмыстарды атқаруда.

Айналамызды тазалау, тал егіп, көшет отырғызу бұл жас ұрпақ үшін тәрбие мен төлімге толы ұлағатты іс. Ал қоршаған орта үшін тазалық қашан да бірінші орында тұрады. «Бір тал кессең, он талек», «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деген қанатты сөздерге қарап-ақ көшет отырғызудың, айналамызды көгалдандырудың қаншалықты маңызды екендігін түсіну қиын емес.

## Шежіре күні

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жен айтар». Қазақ халқы балаға жастайынан әкесінен бастап ағайын-туысын, ататегін,

руын, ел-жұртын таныстыруға ерекше көңіл бөлген. Бұл ретте бабаларының есімін жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанында жиі әңгімелеп отырған. Қазақта шежіре дастаны осылайша ауыздан-ауызға жетіп, таралған. Бұл күні елдің, өлкенің тарихы, ерлігі баяндалады.

Филология факультетінің ұйымдастыруымен Шежіре күні аталып өтті. Аталмыш факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері Шәкәрім университетінің мұражайын аралады. Қара шаңырақ шежіресінен сыр тарқатып, мереке жайлы тың деректер айтты. Сондай-ақ, факультет студенттері арнауларын арнап, тарихқа көз жүгіртті.

## Тарихқа тағзым ету күні

Шәкәрім университетінің басты миссиясы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда Шәкәрім жоғары колледжінде «Тарихқа тағзым» атты мерекелік жиын өткізді. Наурыз мерекесін қарсы алушылар 9 мемлекеттен құралды. Әр мемлекет өздерінің өнерлерімен, тәтті тағамдарымен көрермен қауымды таң қалдырды. Көрсеткен өнерлеріне қарай әр ұлт өкілдері бірнеше номинациялармен марапатталды.

Ата-бабаларымыз жаңа жылда өмірді жаңа қарқынмен бастай отырып, өткен тарихты да дәріптеуді ұмытпаған. Дәл осы мереке барлық құндылықтарымыздың басын біріктіретін Тарихқа тағзым ету күнінің мағынасы зор.

## Игі істер күні

Бұл күні әр адам, мүмкіндігінше бір жақсылық жасауы керек. Наурызды тойлау апталығының бұл күні жоқ-жітімге, жарлы-жақыбайға қол ұшын беруге ар-



налады. «Адамды адам ететін – мейірім мен қайырым» деп, дана халқымыз бекер айтпаған. Осы тұрғыда Инфрақұрылымды басқару департаменті қызметкерлерінің ат салысуымен қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып, игі істер жасалды. Қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниеттің болуы жеткілікті. Қайырымды жандарды «алтын жүректі адамға» теңейтіні де содан болар.

## Зияткерлік күн

Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында ата-бабаларымыз халық ауыз әдебиетін жаңғыртып, өскелең ұрпақтың зияткерлік әлеуетін, ақыл-ойын дамыту мақсатында мақал-мәтелдер,



# НАУРЫЗ АПТАЛЫҒЫ



рек. Ұлттық ойын ұлттық иммунитетіміздің нығаюының кепіл бола алады. «Шынықсаң шымыр боларсың» дейді дана халқымыз.

## Ұлттық тағамдар күні

Қазақ халқы ежелден табиғи өнімдерді тұтынған. Таза тағамдардың адам денсаулығына өте пайдалы екендігін де ерте бастан түсінген. Мал шаруашылығын қолға алып, төрт түлікпен біте қайнасқан бабаларымыз өсіресе малдың еті мен сүтінен өте көп тағам түрлерін дайындаған.

Наурыз думанын кең көлемде тойлауға арналған биылғы жылдың күнтізбесіне енген Ұлттық тағамдар күнінде төл тағамдарымыз молынан жасалуы тиіс. Білім беру үрдісін ұйымдастыру департаменті 21 наурыз - Ұлттық тағамдар күнін атап өтті.

## Жоралғы күні

Бұл қазақ халқының бай дәстүрі айшықталатын күн. Ежелден келе жатқан салт-жоралғыларының озығы сұрыпталатын сәт. Бүгінгі қазақ қоғамына достық пен мейірбандықты, адамгершілік деген ұлы қасиетті дәріптейтін дәстүрлер ауадай қажет. Ветеринария және агроменеджмент факультетінің ұйытқысымен «Жоралғы күні» өткізілді. Мерекелік жиында көрермен назарына халқымыздың «Сырға салу», «Бесікке бөлеу», «Тұсау кесер» сынды жоралғылары ұсынылды.

Шәкәрім университетіндегі Наурыз мейрамы сән-салтанатымен жоғары деңгейде аталып өтті. Наурыз мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жүрек жылуы» челленджін қолдау мақсатында білім ордасы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және толық емес отбасынан шыққан Семей қаласының 17 мектеп түлегіне «Шәкәрім грантын» табыс етті. Биылғы Ұлыстың Ұлы мерекесі тағылымды игі іспен аяқталды.



жұмбақтар, жаңылтпаштар, жырлар мен эпостардан үзінділер айтатын. Осы тұрғыда Ғылым департаменті аталған дәстүрден қалыс қалмай, алғаш рет білім ордасының қызметкерлеріне Nauguz Quiz интеллектуалды ойынын ұйымдастырды. Университет басшылығынан бастап, жатақхана коменданттарына дейін қатысқан ойынға жиыны 11 команда қатысты.

Шара барысында ұлттық әндер, таныстырылымдар көрсетіліп, қатысушыларға наурыз көжеден дәм тартқызды. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған» командалар іріктелді. Сайыс қорытындысы бойынша 1 орынды «ТехноStar» (ИТФ), 2 орынды «Формула успеха» (ЖМФ) командасы иеленсе, «Зато красивые» (ГЭФ) жүлделі 3 орынға жайғасты.

## Шымырлық пен шеберлік күні

Бұл күні қазақтың ұлттық ойындары өте көп ойналады. Арқан тартыс, кір тасын көтеру, қазақ күресі, аударыспақ, көкпар осының барлығы да жыл сайын Наурыз мерекесінің құрметіне ұйымдастырылады. Осы орайда Жаратылыстану-математика факультетінің ұйымдастыруымен «Шымырлық пен шеберлік күні» аталып өтті. Жиын барысында білім алушылар үшін арқан тартыс, асық ойнау, кір тасын көтеру, тоғызқұмалақ және т.б. сынды ұлттық ойындар өткізілді.

Тек наурыз мейрамында ғана емес кез келген азамат кемінде ұлттық ойынның бір түрімен тұрақты түрде шұғылданыуы ке-



# ВЫПУСКНИКИ -

## РЕСПУБЛИКА



**РИНАТ ЗАЙЫТОВ** - казахстанский государственный деятель, депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Демократической партии Казахстана «Ақ жол», казахский акын и айтыскер. По профессии является актером и преподавателем казахского языка и литературы. Начиная с 2001 года принимал участие и становился победителем во множествах айтысов. Зайытов является автором слов множества популярных песен на казахском языке.

Ринат Зайытов родился 17 ноября 1983 года ныне в городе Аягуз области Абай, окончил музыкальный колледж имени М. Тулебаева по профессии «актер драматического театра». Затем поступил в Государственный педагогический университет по специальности «Преподаватель казахского языка и литературы».

Кажется, в стране нет человека, который не знал бы Зайытова. Его имя известно каждому казахстанцу. Ринат Зайытов работал в Театре молодежи Семей, участвовал в айтысах с 17-летнего возраста (с 2001 года) и был победителем многих конкурсов.

## ОБЛАСТЬ




**КУАНЫШ СУЛЕЙМЕНОВ** – председатель партии «Amanat», вновь избранный председатель маслихата области Абай. Он также является руководителем хозяйства «Шалабай» Жарминского района, которое занимается разведением казахской белоголовой породы крупного рогатого скота.

Родился 14 сентября 1973 года в городе Шар, Чарского района. Окончил исторический факультет Семипалатинского государственного университета. Затем продолжил образование в Казахской Государственной юридической академии, Государственном университете имени Шакарима в Семей по специальности технология производства продуктов животноводства, в результате чего получил степень магистра сельскохозяйственных наук.

Трудовая деятельность Куаныша Сериказыевича была очень разнообразной. В разное время он был директором МЧС «Гульжан» в городе Алматы, военруком, завучем-организатором, а затем и директором сельской школы в Шалабае Жарминского района.



образовании». Шагангул Алдамжаровна за добросовестный и безупречный труд удостоена звания «Почетный работник образования РК», отмечена нагрудным знаком «Ы. Алтынсарин», неоднократно награждалась Почетной грамотой Министерства образования и науки РК, Почетной грамотой акима ВКО за вклад в реализацию государственной языковой политики.



**МЕРЕЙ КАРТ** - председатель регионального филиала Союза писателей РК в Семей, лауреат государственной молодежной премии «Дарын».

Мерей Карт родился 4 декабря 1989 году в селе Уштобе Тарбагатайского района. Магистр филологических наук. Заведующий литературным отделом Семипалатинского государственного казахского музыкально-драматического театра им. Абая. Обладатель Гран-при литературного конкурса «Алтын тобылғы».

**ШАГАНГУЛЬ ЖАНАЕВА** - директор КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова», выпускница педагогического института по специальности «Казахский язык и литература», кандидат филологических наук, преподаватель казахского языка и литературы высшей квалификационной категории.

Автор монографий «Қубалаң заманғы құпия өлеңдер» (Алматы, «Глобус» 2006г.), «Қоңыраулы жылдар күмбірі». Шагангуль Алдамжаровна — человек с активной гражданской позицией, наряду с работой в колледже принимает участие в общественной жизни города и области. Она является председателем казахского социально-культурного центра г.Семей, работе которого уделяет самое серьезное внимание, понимая возложенную на нее ответственность; является членом общественного объединения «Совет женщин г.Семей», членом областного совета женщин. Она является членом-корреспондентом Академии педагогических наук Казахстана.

Ее имя было внесено в большую международную энциклопедию «Лучшие люди в



**КУАНЫШ КАСЕНОВ** - заместитель генерального директора товарищества с

# ГОРДОСТЬ УНИВЕРСИТЕТА

ограниченной ответственностью «Силикат».

Родился 12 июня 1989 года в селе Саржал Абайского района. Имеет два высших образования: в 2011 году окончил Семипалатинский государственный университет имени Шакарима по специальности «Ветеринарная санитария» и в 2012 году – Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет по специальности «Юриспруденция»; в 2013 году получил степень «магистра» в государственном университете имени Шакарима города Семей.

Свою трудовую деятельность я начал, будучи помощником директора КХ «Арман» в селе Ивановка Бородулихинского района, позже был назначен менеджером штаба «Жасыл Ел» по городу Семей.

С 2013 года возглавлял штаб «Жасыл Ел» в городе Семей. С 2018 по 2020 годы работал журналистом ТОО «ASTANKINO» в городе Астана, с 2020 года руководил КГУ «РУХАНИЯТ» акимата города Астаны.



**АЙБЕК НУГЫМАРОВ** – директор КГКП «Колледж транспорта» города Семей. Родился Айбек Нугымаров 3 июня 1987 года в ВКО Абайском районе, село Кундызды. Нугымаров Айбек Серикболович окончил Семипалатинский политехнический колледж по специальности «Юрист», Семипалатинский государственный педагогический институт по специальности «Физическая культура», Казахский гуманитарно – юридический инновационный университет по специальности «Юрист», магистратуру Евразийского национального университета, обладатель звания магистра юриспруденции

Свой трудовой путь Нугымаров Айбек Серикболович начал 2010 году тренером-преподавателем «ВКО Специализированная ДЮСШ № 1 Олимпийского резерва по г.Семей».

Он - заслуженный мастер спорта РК по казакша курес. Десятикратный чемпион «Қазақ күресі», четырехкратный чемпион Азии, трехкратный обладатель «Кубка мира», четырехкратный чемпион Мира, четырехкратный чемпион международного турнира «Евразия Барысы», трехкратный чемпион международного турнира «Алем Барысы», двухкратный чемпион турнира «Қазақстан Барысы».

## ГОРОД



**ЕРМЕК АБИЛЬМАЖИНОВ** – доктор технических наук, профессор. В 1993 году окончил Семипалатинский технологический институт мясной и молочной промышленности по специальности «Машины и аппараты пищевых производств» с присвоением квалификации «Инженер-механик».

Родился 6 июля 1971 года в городе Семипалатинск. Трудовую деятельность начал в 1993 году механиком в районном комбинате коммунального хозяйства села Аксуат Семипалатинской области. С 1994 года ведет научно-педагогическую деятельность.

1994-2011 годы – стажер-преподаватель, преподаватель, старший преподаватель, и.о. доцента кафедры «ТМиМ», СГУ имени Шакарима. В 2011-2014 годы работал деканом факультета дистанционного обучения СГПИ и проректором по информационным технологиям, КазГЮИУ. С 2014 по 2016 годы – и.о. профессора кафедры «ТМиМ», ГУ имени Шакарима. 2016-2018 годы – декан технологического факультета, КазУТБ, г. Астана, декан инженерно-технологического факультета, ИнЕУ, г. Павлодар. С 2018 года по 2023 год руководитель образовательных программ по направлениям ИиИТ, заведующий научной кафедрой «Естественное и инженерия», ассоциированный профессор кафедры «ТОиМ». С января 2023 года профессор кафедры

Технологического оборудования и машиностроения НАО «Университет имени Шакарима города Семей».



**КАЛИНКИН АНАТОЛИЙ** - Депутат молодежного Маслихата г. Семей (2017 – 2020 гг.), депутат Семейского городского маслихата от ДПК «Ак Жол». В настоящее время занимается предпринимательской деятельностью в ювелирной сфере, является представителем Казахстанского национального бренда BalausaJewelry в городе Семей.

Анатолий Калинин в 2015 году окончил Экономический лицей в Семее. В 2019 году окончил университет имени Шакарима по специальности «Экономика».

### Формула успеха:

Владеть собой настолько, чтоб уважать других, как самого себя, и поступать с ними, как мы желаем, чтобы с нами поступали, — вот что можно назвать учением о человеколюбии.

*Наши выпускники были активистами и состояли в студенческих организациях нашего университета, поэтому тяга к решению общественных проблем появилась еще со студенческих времен.*

*Сегодня, перед ними лежит большая ответственность, надежда и вера народа. Ими будут реализовываться масштабные проекты, которые станут толчком в развитие нашего города, области и республики.*

*Мы гордимся нашими выпускниками!*

*Пусть знания и опыт, навыки и коммуникации станут большим и важным подспорьем в вашей успешной деятельности. Желаем только успеха и побед!*

# «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ»: МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ ШӘКӘРІМТАНУ

**Шәкәрім университетінде жыл сайын өткізілетін «Шәкәрім оқулары» облыстық конференциясы өтті. Конференция ғұлама философ Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылды.**



«Шәкәрім оқулары» облыстық конференцияның нәтижесі төмендегідей:

## **№ 1 СЕКЦИЯ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ** (химия, география, биология, экология, ветеринария, агрономия)

**1 орын - Айтқалиева Нұрай**, № 23 жалпы орта білім беретін мектебі

**Ғылыми жетекшісі:** Темерғалиева Кумысжан Кыдылғалиевна

**Баяндама:** «Ірі қара малдың конъюнктивитін емдеуде күміс нанобөлшектері негізінде дәрілік формалар жасау»

**2 орын - Пірімқұлова Наргиз, Тұрсынова Айнара**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп

**Ғылыми жетекшісі:** Нукенбаева Жаныл Қасымовна

**Баяндама:** «Жалпақ табындылықтың зияны және оның алдын алу»

**2 орын - Абсәлямов Нұрсұлтан**, Аягөз ауданы бойынша білім «№ 10 қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Жумадилова Назгуль Канатбековна

**Баяндама:** «Green building as a tool for sustainable environment»

**3 орын - Нурмуллаева Айгерім**, Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Сагимбаева Альфия Мерсаифовна

**Баяндама:** «Выращивание микрозеле-

ни в домашних условиях»

**3 орын - Жұмабеков Диас, Жұманов Марлен**, «Авиценна» жоғары медициналық колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Мұқашева Жәйна Назымханқызы

**Баяндама:** Энергетикалық сусындардың жасөспірімдер ағзасына әсері

**3 орын - Шмунк Даниил**, КГКП «Геологоразведочный колледж»

**Ғылыми жетекшісі:** Бекмухамбетова Меруерт Берикхановна

**Баяндама:** Исследование свойств адсорбционной способности активированного угля

## **№ 2 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА**

**1 орын - Слям Айзат**, Семей қаласындағы физика-математика бығытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

**Ғылыми жетекшісі:** Манабаева Айгуль Багдаулетовна

**Баяндама:** Қазақ ертегілеріндегі мифтік таным

**2 орын - Байгерей Жанна**, Бизнес және сервис колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Бахытбекова Малика Бахытбекқызы

**Баяндама:** М. Өуезовтің әдебиеттанудағы алғашқы ізденістері

**2 орын - Қоңыртаева Толғанай, Тоқтасын Қарақат**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп

**Ғылыми жетекшісі:** Қасымқызы Жазира, Мырзабекова Жанар Журтыбековна

**Баяндама:** Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы даналық сөздер

**3 орын - Нурбек Айзере, Дуйсенова Сенім**, Семей қаласындағы физика-математика бығытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

**Ғылыми жетекшісі:** Жайсанбаева Акбота Нурғалиевна

**Баяндама:** «Мифология әлемі» нстел ойыны

**3 орын - Байрахметов Абай**, Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Канапьянова Ай-нур Аулейсовна

**Баяндама:** Әбіш Кекілбаев Дастанындағы Абылайдың Көшбасшылық Тұлғасы

**3 орын - Тұраров Азамат**, «№ 13 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Ерғалиқызы Әйгерім

**Баяндама:** Шәкәрімнің жастарға өсиеті

## **№ 3 СЕКЦИЯ: ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ**

**1 орын - Байсымакова Айым**, Нұрсапина Бибігүл, Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Садыкова Айсулу Бағдатовна

**Баяндама:** Особенности художественного перевода стихотворений Абая на русский язык

**2 орын - Романова Виктория**, Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданының білім бөлімінің «Новопокровка орта мектебі»

**Ғылыми жетекшісі:** Хусаинова Зухра Зуфаровна

**Баяндама:** Англицизмы и их влияние на речь школьника

**3 орын - Ержанқызы Еңлік**, Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Кумарова Анара Маратовна

**Баяндама:** English Speaking Clothes

## **№ 4 СЕКЦИЯ: ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

(құқықтану, журналистика, Қазақстан тарихы, философия)

**1 орын - Ерзатова Жанель**, Аягөз ауданы бойынша білім «№ 10 қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Жумадилова Назгуль Канатбековна

**Баяндама:** Репрессияға ұшыраған тұңғыш қазақ биологы

# 130-ДАН АСТАМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРДЕЛЕДІ



**2 орын - Құрманбаева Эльназ, М.О.** Өуезов атындағы педагогикалық колледжі  
**Ғылыми жетекшісі:** Муканов Төлеугазы Камалович

**Баяндама:** Семейдің педагогикалық техникумының оқытушы кадрларды дайындаудағы қызметі

**3 орын - Ботабаев Нурболат,** Электротехника колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Гидулян Наталия Леонидовна

**Баяндама:** Семипалатинский период жизни и творчества Мухтара Омархановича Ауэзова

**3 орын - Хатифов Мерей,** Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Калдыбаева Орынгуль Советкалиевна

**Баяндама:** Экология патриотына 90 жыл

## **№ 5 СЕКЦИЯ: ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ**

**1 орын – Садыкова Аружан,** «№27 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Байғалиева Жанар Кенжеғалиевна

**Баяндама:** Создание веб-сайта «Все о кибербезопасности»: от замысла до реализации

**2 орын – Калайда Данил, Еділқызы Бақыт,** Р. Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Искаков Артур Николаевич

**Баяндама** «OquZap» – приложение для изучения законов

**2 орын – Докуртова Ләйлә,** Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Ибраева Алтынай Абылкасымовна

**Баяндама:** Автоматтандырылған жол талғамайтын машина

**3 орын – Сайлаубекова Нурай,** № 32 жалпы орта білім беретін мектеп

**Ғылыми жетекшісі:** Ашимова Кулизат Солтановна, Аягузова Жанара Ержурековна

**Баяндама:** Үшбұрыш теңдігінің жаңа белгілері

**3 орын - Жумаканова Томирис, Сиротина Сабрина,** Р. Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Мұрат Бибігүл Қасылқызы

**Баяндама:** Звуковой датчик землетрясений

## **№ 6 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

*(педагогика, психология, мектепке дейінгі оқыту, бейнелеу өнері, музыка, еңбекке баулу)*

**1 орын - Сайфутдинов Тимур,** Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданының білім бөлімінің «Новопокровка орта мектебі»

**Ғылыми жетекшісі:** Большакова Юлия Владимировна

**Баяндама:** Исследование подростково-го одиночества

**2 орын - Нурлан Саида,** Семей қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

**Ғылыми жетекшісі:** Наварян Ольга Владиславовна

**Баяндама:** Взаимосвязь учебных стратегий и мотивации к изучению английского языка в старшей школе Назарбаев Интеллектуальной школы города Семей

**3 орын - Рысқали Айзере,** Халелова Дина, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп

**Ғылыми жетекшісі:** Акимжанова Гульнар Байкаловна, Далбина Жанар Кайрбековна

**Баяндама:** Қазақ өлшем бірліктерін үйретудегі креативті ойыншық түрлерінің маңызы

**3 орын - Искакова Жанерке,** Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Искаков Берик Тургазыевич

**Баяндама:** Эбру техникасымен суда су-рет салу



## **№ 7 СЕКЦИЯ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР** *(экономика, есеп және аудит, қаржы)*

**1 орын - Журин Денис, Нурекенов Даниял,** № 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі

**Ғылыми жетекшісі:** Борлукова Марина Николаевна, Линник Ольга Петровна

**Баяндама:** Проблемы измерения уровня благосостояния населения региона

**2 орын - Балагазин Азамат,** Радиотехника және байланыс колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Сартаева Галия Темиртаевна

**Баяндама:** Влияние экономического развития государства на глобальные проблемы экологического характера

**3 место - Айходжаева Перизат,** Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Джасбаева Акмарал Муратовна

**Баяндама:** Экосемке – уақыт талабы

## **№ 8 СЕКЦИЯ: ИНЖЕНЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР**

**1 орын – Кабдулмарат Еркежан,** Аягөз ауданы бойынша білім «№ 10 қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

**Ғылыми жетекшісі:** Жумадилова Назгуль Канатбековна

**Баяндама:** Микроорганизмдер клеткаларының әр түрлі температураларда карбонизделген тасымалдаушыларға иммобилизденуі

**2 орын – Сайлаубай Жанибек,** Электротехника колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Шынарбек Шынғыс Әбілұлы, Катранова Мунира Болатовна

**Баяндама:** Семей қаласындағы электрмен жабдықтау жүйелерін цифрландыру

**3 орын – Мукашев Бекнұр,** Электротехника колледжі

**Ғылыми жетекшісі:** Шынарбек Шынғыс Әбілұлы, Катранова Мунира Болатовна

**Баяндама:** Қолжетімді биогаз.

**Конференция соңында жеңімпаздар дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Секцияларда өз баяндамаларын ұсынған барлық қатысушыларға сертификаттар берілді.**

# АҚЫН ОРТАСЫ ЖӘНЕ СӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІ ТУРАСЫНДА

**Ойлансын ұлан болса сөз ұғарлық,  
Ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық,  
Таза талап талпынып ойды айдаса,  
Байқалар көрнеу, таса, жоқ пен барлық...**

**Ш.Құдайбердіұлы**

Бүгінгі қарыштап даму дәуірінде келе жатқан ұрпақ Шәкәрім бабамыз айтқан әрбір сөзді ұғу мен оның құдіретін, ақылдың шолғыншысы ой екендігін, талаптың ойға алған істің қозғаушысы екендігін есте естен шығармаған жөн болар. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысы да сөз құдіретін бағалай отырып көпшілік алдындағы бастамашыл істері мен уытты сөздері арқылы «қоғамның жан жарасын» емдеуді мақсат тұтты. Ойлы сөздері арқылы «ұлттың нәрі – тілін» сақтап қалу жолында аянбай қызмет етті. Зиялы қауым тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сөзінді. Сондықтан саяси және рухани күрестегі негізгі мақсаттың бірі ретінде ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Оның бірден-бір дәлелі – ұлт жанашырларының 1924 жылы Орынбор қаласында өткен тұңғыш съезде өз ой-пікірлерін ашық білдірулері еді.

Алаш арыстарының бүгінге жеткен рухты сөздері, көпшілік алдында айтылған шешендік сөз өрнектері, сол тұстағы өзекті мәселелерді қалың ортада қозғай білуі ұрпаққа өнеге. Олар қалың бұқараның мұң-мұқтажына ортақтасып, қоғамның рухани қажеттілігін көпшілік алдында ашық, сауатты жеткізу арқылы тіл мәдениетінің, пікір алмасудың жоғары формасын көрсетті. Әрі көпшілік алдында сөз бастау, ой тастау, түйінді шешім шығаруда көрегендік таныта білді.

Шаршы топ алдында сөз бастап қалың көпшілікті толғандырып, ой салып, дұрыс шешімге келуге жетелеген бірнеше оқиғалардың жалпы мазмұнына назар аударсақ: «1917 жылы сәуір айында Бостандық үйі деп аталатын бұл ғимаратта Семей қазақтарының тұңғыш облыстық съезі өтеді. Онда Қазақ автономиясы туралы мәселе тұңғыш рет көтеріліп, ұлттық мемлекетімізді құру жөнінде шешім қабылданады. Міне, осы жиында ғұлама ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы съезд делегаттарын құттықтап, сөз сөйлейді. Ол турасында Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасында:

*«Семейдің съезінде байқадық қой,  
Екенін қарт кемеңгер һәм терең ой.*

*Оқығандар болмаса жай қазақтан  
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой»* – деп көрсетеді (М. Кенемолдин. Алаш атты қала болған. Абай журналы. 2017. №1)

Сол бір кезеңдегі ұлт жанашырларының отты сөздері көпшілікті қай кезде болсын жігерлендіріп отыруға ықпал еткені сөзсіз.

Ұлт көсеміне айналған Шәкәрім Құдайбердіұлы халыққа арнап сөйлеген енді бір сөз сөзінде еркіндік жолына енді бет ала бастаған жастың оққа ұшуын, оның қалың көптің ыза-кегін туғызғандығын көз алдынан тізбектей өткізе отырып сол сәтте қабір басында тұрып халыққа арнап сөз сөйлейді: «Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл – ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер,



бұл күнгі һәм мұнан соңғы ұлтым деген азаматтар мына мен сияқты болып ұлтым деңдер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты Қазы еді. Қазы – би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті», – деп көз жасын тия алмай сөзін аяқтайды (А. Еспенбетов Шығармалары. Монография. 1-том. Астана: Фолиант, 2014. – 368 б.)

«Қараңғы қазақ көгінен өрмелеп шығып күн болуды» армандаған Алаш арыстары өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу біртуар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі ұлтын сүюдің, ана тілін құрметтеудің, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет қылуының нағыз үлгісі болды.

Жалпы қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Тіл – тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Сөз – сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» дей келе, сөздің сиқырлы күшіне сеніп, сөз арқылы пәлені, қырсықты кетіруге, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады деген үлкен сенім орнатқан.

Азулы қазақ би-шешендерінің бірі Белтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл» – деп сөзді орынды, жүйелі айтудың негіздемесін жасап кеткендей.

Абай – суретті, сұлу сөздің атасы. Ақынның осы қасиетіне Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақтың бас ақыны – Абай, шын аты – Ибраһим Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық. Абай сөздері дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» – деп баға берген болатын

Абай ақын қара сөздерінде сөз құдіреті жайында: «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады. Хикмет сөздер өзімішп наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады десе, сөз тыңдау, сөзге нану, ақиқатына жету сынды қасиеттерді айта келе: «Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдаушыға қолы да тимей, пәлені сөзге өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай тынбайтұғыны қалай?» – деп налиды.

Елім деген ұлт зиялыларының қай-қайсысының болмасын көпшілік алдында сөйлеген шешен сөздерінен жоғары сөйлеу мәдениетінің деңгейін, сөз әдебі заңдарын тани аламыз. Көпшілік алдында шешен сөйлеудің қағидасынан бүгінгі ұрпақтың білері мен түйері мол деп білемін.

Ұлт тілінің болашағы, ұлт қаймағының бұзылмауы, ұлт тілінің шұбарланбауы Алаш қайраткерлерінің басты мұрат-мақсаттарының бірі еді. «Ұлттың ұлт болуы – тілінде» деген ұстанымы берік қағида ретінде көрінді дей отырып, сөздің киесін, құдіретін ұғынуды әрдайым жадыдан шығармауымыз жөн десек артық айтаған болар едік.

**Әлия ЖҰМАҒҰЛОВА**  
ф.ғ.к., аға оқытушы



# SHAKARIM UNIVERSITY БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ПРЕСС-ТУР ӨТКІЗДІ

*Shakarim University тілшілер қауымына ғылыми-зерттеу орталықтары мен оқу ғимараттарына пресс-тур ұйымдастырды. Төртінші билік өкілдері жас ғалымдар мен білім алушылардың стартап-жобаларын, ғылыми орталықтарда жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары мен оқу орнының әлеуетімен танысып қайтты.*



Пресс-тур аясында журналистер «Радиоэкологиялық зерттеулер» ғылыми орталығының материалдық базасымен танысты. Ғылыми орталықтың қызметі заттардың қасиеттерін аналитикалық әдістермен, соның ішінде химиялық талдау, сканерлік электронды микроскопия, дозиметрия, радиациялық бақылау арқылы зерттеуге бағытталған. Мысалы, кәсіптік оқыту үшін арнайы құрал-жабдықтар бар. Бүгінгі таңда азық-түлікті талдауға сұраныс жоғары болғандықтан, зертханаларда ғалымдар микроскоп арқылы өнімнің қасиеттерін зерттейді.

«Материалдардың бетін түрлендіру» ғылыми орталығы өңір бойынша жалғыз зерттеу алаңы болып табылады. Былтырғы жылы ашылған орталық Шәкәрім университеті мен «PlasmaScience» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық меморандумы аясында іске асты. Бұл бастама іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ғалымдар мен мамандардың күш-жігерін үйлестіруге ықпал етеді. Аталған орталықта жалпы сомасы 300 млн. теңгеден астам жоба іске асырылады.

Ғылыми орталықтың миссиясы – ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру, университеттің қазақстандық және шетелдік ғылыми орталықтармен жүйелі өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету, студенттер мен магистранттарды ғылыми жұмысқа тарту тәжірибесін кеңейту,- дейді орталық басшысы Ринат Кусаинов.

Келесі қызықтырған құрал-жабдық – стартап жоба, қол асты материалдардан жинақталған 3D принтер. Бұл пластиктен нарықта жиі сатып алмайтын жабдықтарға арналған өте күрделі, көп қырлы жұмыс құралы. Аталмыш құралдың тиімді жұмыс істеуі үшін пластикалық шыбық қажет. ЖОО-ның қауымд. профессоры Надр Ибрагимовтың айтуынша, 3D принтерге арналған шыбық

пластикалық бөтелкелерді сызу машинасында қайта өңдеу арқылы дербес жасалады. Бұл технология PET пластиктен жасалған пластикалық бөтелкелерді екінші рет пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқытушы азық-түлік 3D принтерін жинақтау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Шәкәрім университетінің базасында 3D басып шығару желісін құру болашақ инженер-механиктердің, сондай-ақ технологтардың, химиктердің назарын аударуға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың жаңа деңгейі. Дайын өнімді сатып алудың немесе тұтынудың орнына, олар өз қажеттіліктерін анықтайтын, шешімдерді табатын өнертапқыштарға айналып, алған білімдері мен техникамен жұмыс істеу дағдыларын шығармашылықпен үйлестіреді. Оқу үрдісінде 3D-принтерді белсенді қолдану университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың қажетті кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, оқу орнында бейнежазба мен вебинар өткізуге арналған бірегей студия жұмыс істейді. Оның көмегімен университет оқытушылары бейне нұсқаулықтар мен дәрістер жазды. Сапар аясында қадірлі меймандар «Агротехнопарк», «Абай және ұлттық руханият» ғылыми орталықтарына, азық-түлік өнімдерінің ғылыми зертханаларына, цифровизация, шетелдік мамандардың дәрістеріне, «Jekman» би залына, Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау орталығы мен Күміс университеті жобаларымен танысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарына арналған пресс-тур жоғары деңгейде өткізілді. Пресс-тур оқу орнының ғылыми әлеуеті мен тыныс-тіршілігін бар болмысымен көрсетуге мүмкіндік берді.

# ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғаған, барлық жан-тәнімен, ой-өрісімен қастерлеген егеменді еліміз, дербес мемлекетіміздің, тәуелсіз Қазақстанның өзінің көк байрағын, ашық аспанмен түстес бостандық туын көтергелі көп жылдар өтіп қалыпты. Міне, осындай айшықты кезеңде туып-өскен бақытты ұрпақтың өзінің ұрпағы өсіп қазақ халқының ізін жалғастыруда.

Ал енді қолда бар алтынның қадірі жоқтың кебін кимей, жас ұрпақ қазіргі заманның мол мүмкіншіліктерін мейлінше пайдаланып, толығымен қамтып, білімін молайтып, халқының тарихын тереңінен меңгеріп, рухани байлығының дүниежүзінің ешбір елді мекенінен артып туспесе, кем емес екендігін аңғарып, түсінуі абзал. Содан біздің туған еліміздің елестеген жарқын болашағы кең байтақ даламыздың көкжиектерінде алдымыздан ашыла беретіні хақ.

Өз жерінде өгейдің халін кешкен қазақтың кеңес өкіметі тұсында көрген қорлығы мен зорлығының бірітөл тарихын жаза алмағаны болса керек. Шәкәрім түркі халықтарының шежіресін жазғандағы мақсатын оқысақ:

*Жазғанда мақсатым көп менің тағы,  
Қазақтың қараңғы еді арғы жағы...  
Қалжың емес, қам үшін жаздым мұны,  
Білсін деп кейінгілер түп атасын.  
Атаны атағанмен білім артпас,  
Сөйтсе де білген адам құры жатпас,*

деп ой түюінде халқымыздың шайылып кеткен тарихи жадының қайта оралып түлеуін тілеген арманды ойы жатқандай.

Оның алдында жеріміз патшалық өкіметтің «Римдік демократиялық принципі негізіндегі «Разделяй и властвуй» («Бөліп алда билей бер») саясатымен еліміз бөлініске салынды, тарих түгілі тарыдай шашылған халқымыздан айрылып қала жаздадық. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басында Қазақстанды зерттеу үшін құрылып жатқан Ресей императорлық қоғамдары бөлімшелерінің қызметкерлеріне орталықтан: «Шығысты зерттеу шығыс халықтары үшін емес, Ресейдің шығыстағы саясаты үшін қажет» деген нұсқау берілген. Осы жоғарыда келтірілген мысалдан-ақ қарасақ, тарихи тағдырымызда болған оқиғалардың ақ-қарасын ажыратып, ой түйетін, сабақ алатын сәттер аз болған жоқ. Ал тарих бұл әр халықтың өз ұлтының ұлттық нысандарды сақтаушы негізгі қазынаның бірі деп те айтуға болады. Тарихқа жүгінсек, алғашқы мемлекеттілігін ерте замандарда қалыптастырған Қытайда тарих-мемлекеттің ең маңызды бес басқару институтының бірі ретінде қызмет атқарған екен. XVIII ғасырда Ресейдің ақарған университетінде неміс ғалымдарының орыс студенттеріне Ресей тарихын неміс тілінде оқуына қарсы күрескен М.В. Ломоносов былай деген екен: «Халықтың санасын оятып. Оны дамытуда тарихтың атқарар рөлін ешбір қоғамдық ғылым атқара алмайды»-деген екен.

Жаһандық жеделдетілген өзгерістер мен қауырт бәсекелестік заманында қазіргі

супердержавалар мен суперөркениеттер аузында қалып жұтылып кетпеу үшін локалды мәдениетті жандандырып өсіру, ұлттың рухани санасына жаңа серпіліс беру маңызы жоғары іс болып табылады. Адамзаттың даму тарихының қатпар-қатпар беттерінде қай ұлт қаншалқты үлес қосты деген сауалдың жауабын іздесек, кез келген халықтың «әрине, бізбіз» деген



дәлелдерін көптеп жинауға болары сөссіз. Қазақ та солардың бел ортасында. Қазақ - өзі қазақ екеніне, өзінің мәдениеті мен тарихына мақтана алатындай халықпыз. Қазақ халқы өте көне халық. Арғы аталарымыз сақ, ғұн деп аталатын түркі жұртымыз.

Бірақ, өркениет тарихын әлемдік деңгейде тарихи салада зерделейтін болсақ әлемде бірнеше суперөркениеттер мойындалған екенін көреміз: Ресейлік, Ислам, Латын-Америка, Рим өркениеті, Қытай мәдениеті, Мысыр мәдениеті, Үнді мәдениеті т.б. мәдениет бар да, бірақ түркі мәдениеті жоқ. 300 жылдық бодан кесірінен кезіндегі саясат - өркениетімізді көлеңке қараңғылығында қалдырды (*Батыстық ғалымдар да біздің қай өркеиетке жататынымызды ажырата алмай, тек Ресейлік мәдениетке жақындады... Олардың пікірінше, түріміз-қытайға, тіліміз түрікке, дініміз арабқа, ішкі-жан дүниеміз-орысқа ұқсайтындықтан бізге жіп тағу қиынға түскен көрінеді-мыс*).

Ұлттық тарихымыз әлем тарихында «ойып тұрып» үлкен орын алатын тарих, тіпті өркениет бастауларын жасаған халық деп айтуға болады. Мысалы, Қытайдың б.д.д. 2614 жылы құрылған алғашқы мемлекеті мен өркениетінің негізін салған Хуанди бастаған көне түркілер екенін фразцуздың ұлы ғалымы Тьер де-Шардан, жапон, фин ғалымдары осыдан бірнеше жыл бұрын дәлелдесе, Үндістанның біртұтас мемлекет болып қалыптасуында түркілердің шешуші рөл атқарғандығын Дж.Неру мойындады. Сонымен қатар түркілер Ресей, Болгария, Египет, Украина т.б. мемлекеттердің қалыптасуында белгілі рөл атқарды [4].

Тарих беттерін осылай ақтара берсек көптеген ақтаңдақтар ашыла береді. Сондықтан да, өз ұлтының тарихына жеккөрінішпен өскен кеңес үкіметінің қазақ ұрпағы кейіннен еліне жат космо-

политтер мен мәңгірттердің жаңа тобын қалыптастырмау үшін, жоғарыда келтірілген кемшіліктерді қалпына келтіру процессінде тарих ғылымының атқаратын рөлі маңызды орында. Ал, ұрпағымыздың санасын ақиқат тарихпен сусындау, тәрбиелеу өз орнында ерекше мәселе. Өзін қазақтың деп санайтын әрбір азамат қолға алған қандай да ісін халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан жасауы керек. Бабалар тәрбиесінен нәр алған ұрпақ қажырлы қайрат, жан-қияр жауынгерлікпен елін, жерін, жұртын қорғаштады. Дәл солай бүгінгі жас ұрпақ та өз мемлекетін, халқын қорғай білуі керек. Ол үшін әрбір келер ұрпақ бабалар дәстүрінен тағылым алып, ұлттық салт-санамен сусындауы қажет, ұлтының тәлім-тәрбиесінің маңызын сезініп, бұл бағытта өзін тәрбиелей білуі тиіс. Өйткені, жаңа ғасырдың жастары ана тілін, тарихын біліп, қазіргі заманға сай озық біліммен қарулануы, отаншыл болуы керек. Яғни, алдымен Қазақстан Ұлттық мемлекеттілігі идеясы алдымен сол мемлекет қоғамының субъектілерінің жүректерінен басталып орын алуы тиіс.

Қазіргі жастардың бойындағы ұлтымызға тән инабаттылық, тәрбиелілік сияқты ғасырлар бойы қалыптасқан менталитеттің жоғала бастауы бәрімізді де ойландырады. Сондықтан да, Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін мына міндеттерді орындауға тиіспіз:

- ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- ұрпақ санасына халқына деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- Ана тілі мен Ұлттық тарихын, салт-дәстүр мәнін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

Қазіргі Қазақстан – түркінің қарашаңырағы. Батыс түрік қағанатының астанасы Қаратауда болғаны белгілі. Осыдан 15 ғасыр бұрын Түрік қағанатын құраған тайпалардың барлығына жуығы қазіргі қазақ руларында кездеседі. Қазақстан-туыстас түркі республикаларымен бірге ұлы түрік қағанаты кезінен келе жатқан «Мәңгі түрік елі» идеясын іске асыратын мемлекет. Тәуелсіз Қазақстанның мұрат-мақсаты мен мемлекеттік идеясы да-осы. Түрік туының астында біріккенде ғана Қазақстан мәңгі жасайтын ел болады. Осыған еңбек ету-барлық қазақстандықтардың міндеті. Әр ұлт әр күнде өзінің тарихы мен бабасын, мәдениеті мен ділін, тілі мен халқының мұрасын төбесінде ұстай жүру керек екендігі сөссіз. Сондықтан да айтылмай және ашылмай қалған терең тарихымызды тағы қопарып жас ұрпаққа өркениеттілігіміздің ерекшелігін ашып одан әрі тамсандырып, ұлт деп көкірегің қағып мақтанатын ұрпақ қалыптастыру мемлекет идеологиясының маңызды қыры деп түсінеміз.

**Мұхтар АБДИКАКИМОВ,  
«Әлеуметтік мониторинг және  
болжау орталығының»  
бас маманы, PhD**



**Шығыстық данышпандар Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Фердоуси, Әлішер Науаи, Омар Хаямнан бастап, қазақтың Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкен сынды ғұламалары Наурыз туралы еңбектер жазып қалдырған. Ал, Мәшһүр-Жүсіп бабамыз: «Төле би заманындағыдай кең ауқымды Наурыз бұрын-соңды тойланған емес» деген.**

## НАУРЫЗ ЖОРАЛҒЫ

Наурыз сөзі парсыша «нау» – жаңа және «руз» – күн, яғни жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Осы күн Жыл басы болып саналған. Қазақ халқында да бұл мейрамның мән мазмұны өте тереңде жатыр. Халықтың ежелгі наным-сенімі бойынша бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады. Жанжануарлар түлеп, ағаш-бұтақтар бүршік атып, тіршілік атауы жаңара түскен. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік арта түседі деп сенген. Сонымен қатар, Наурыздың 21-нен 22-не қараған түнді «Қыдыр түні», яғни ырыс түні деп атаған. Қыдыр ата елді аралап, әрбір отбасыға бақ-береке, ырыс сыйлайды деп сенген. Жастар Қыдыр атаны көреміз деп, түнімен түрлі ойындар ойнаған. Қыдыр атаны көру арқылы, мол берекеге кенелгілері келген. Сондай-ақ, Наурыз мерекесінің сәні мен әнін келтіретін Наурыз көже жайында айтпай кету мүмкін емес. Наурыз көже қысқы соғымның арнайы сүрленген етінен, түрлі дақылдардан және ақтан дайындалады. Құрамы кем дегенде жеті түрлі тағамнан тұру қажет. Немесе тақ санын сақтап, тағам түрін көбейте беруге болады. Оған сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды, ал түрлі дақылдардың қосылуы молшылықты білдіреді. Әрбір адам Наурыз көжеден қалмай, тойып ішуге тырысады. Өйткені, Наурыз көжеде бір жылдық ырыс-береке бар және молшылықтың жоралғысы деген түсінік қалыптасқан. Наурыз көжені халық арасында «тілеу көже» деп те атайды.

### НАУРЫЗША

Наурыз айында ашық күндері қолдан жасалғандай ерекше ою-өрнекті әрі жұп-жұқа қиыршық қар түседі. Ол көзіне шашырап, жылтырап көрінеді. Анықтап қарасаңыз ол жеңіл әрі үлпілдек қар екеніне көзіңіз жетеді. Наурызша жаңа жылдың белгісі, себебі осы қар арқылы жаңа жылдың басталатынына хабар береді екен.

### НАУРЫЗ ШЕШЕК

Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түсті гүлді әрі қауашақты өсімдік. Кейде әсемдік үшін үйде де өсіруге болады. Сонымен қатар өсімдіктің дәрілік қасиеті бар. Қазақстанның таулы аймақтарында бірнеше түрі өседі. Наурыз шешектің азаюына байланысты «Қызыл кітапқа» енгізілген.

### НАУРЫЗ ТӨЛ

Наурыз айында мал төлдей бастайтыны айдан анық. Оларды «наурыз төл» деп атап, төл басы ретінде бағаланады және оны ерек-

ше күтіп баптайды. Төл басы сатылмайды немесе сыйға берілмейді. Мұндай малды өз тойына, құрбан айт күндері сойып ырым етеді екен.

### НАУРЫЗ-УЫЗ АЙЫ

Жазушы-этнограф Болат Бопайұлының айтуынша, байырғы қазақтар көктемнің алғашқы айын уыз айы деп неге атаған? Өйткені осы айда төрт түлік мал төлдейді ғой, халықтың аузы аққа тиеді, малдың аузы көкке тиеді «Уыз – сүт сұлтаны, ақ ұлтаны», «уызға жарымаған өмірі ештеңеге жарымайды» деген мақал осыдан қалған. Ата-бабаларымыздың мына бір өлеңінде осы уыз мерекесі тамаша суреттеледі: *Уыз айы туғанда, көкте ай толғанда, Қозы, лақтар маңырап, қой мен қозы жамырап, Рахаттанып қаласың, уызға қарын тойғанда. Уыз айы болғанда, ай қараңғы солғанда, Ақ көбейіп бұл маңда, қыраңдап бір қаларсың, Уыз айда уыз бай, уызға келер қонақ сай Уыз ішіп қыдырып, қонақ болып жүрдім жай, Уыз айым керемет, қадірін мұның кім білед? Уыз айда сары уыз ас орнына сол жүред. Уыз айы келгенде қадірін оның білгенде, Бәйбішелер қуанып сылқ-сылқ күлгенде Уыз айы таңдайда бағдай болып қалғанда Келер жылы уыз ай қашан, шіркін, келер деп, Сарыла бір тосқанда Қозы, лақ жамырап, өрістен мал қосқанда, Сары уыздай сарғайып қиял кезіп босқанда Сағындырып уыз ай күткізеді санаңда Уыз ай деп қазағым мал азабын ұмытқанда Қайда қалар азабың мал уызын жұтқанда.*


### НАУРЫЗ ЕСІМ

Наурыз күндері дүние есігін ашқан баланы қазақ халқы ерекше адамдар деп ұғынған. Сондықтан ұл балаға Наурыз, Наурызбек, Наурызбай, ал қыз балаға Наурызгүл деген есімдер қойған екен.

### САУМАЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Наурыз айында жаңа жыл еніп, жер бусанып, күн күркіреп, жаңбыр жауады. Бұны көрген адамдар қуанып, саумалық айтып, тілек тілейді. Оны өлеңмен айтады: *Саумалық, саумалық, Наурызымның көк құсы Ұйқыдан көзін ашты ма? Саумалық, саумалық, Самарқанның көк тасы Жібіді ме көрдің бе? Саумалық, саумалық, Ескі жыл кетіп, жаңа жыл келді, Ескі жыл есіркей кет., Жаңа жыл жарылқай кел, – деп бір ескі ыдысты сындырып, “жамандық кетсін” деп ырым жасайды.*

Shakarim Media



**#FACE OF SHAKARIM жаңа айдарының кезекті кейіпкері – Жаннұр Құдайбергенова.**

Кейіпкер – Филология факультетінің белсенді студенті. Бала кезінен би өнеріне жақын өнерлі білім алушымыздың бірі.

Жаннұр үлкен биіктерге жету тек қажырлы еңбек пен жұмыс жасау арқылы мүмкін болатындығын дәлелдеп келеді. Бүгінгі таңда шағын бизнеспен айналысады. Еріктілік білім алушымыздың өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Қалада, облыста, университетте түрлі іс-шаралар, фестивальдар, спорттық жарыстар, форумдар өткізуге, әсіресе, қайырымдылық жобаларын ұйымдастыруға өз еркімен көмектесіп келеді.

Болашақта Жаннұр «Қазақ тілі мен әдебиеті» маманы, ал қазір екінші курс студенті. Университет пен қаланың қоғамдық өміріне қатысу оқуға кедергі болған жоқ дейді. Соңғы уақытта психологияға қызығушылық танытып, бәсекелестік ортада ең бастысы психологиялық дайындық керек екендігін есептейді.

Біздің айдар оқырмандарды шығармашылық тұлғалармен таныстырады, студенттердің қызығушылықтары мен бос уақытын қалай өткізетіні туралы әңгімелейді. Келесі сауалнама жақын арада болады! Кездескенше!

# ШАБАНДОЗ ҚЫЗ -

## Еркеназ

*Көне түркі заманынан бері, қазақ халқы жылқы малын жанына жолдас еткен. «Адам - жылқы мінезді», «Ат - ердің қанаты» деген кез келген мақал-мәтелін алып қарасақ та, қазақ халқының жылқы мен адам жанының біртұтас екендігін байқауға болады.*

*Ертеде түрлі салт-дәстүр, ойын түрлеріне атты қажет еткен. «Жылқы - сәндік үшін, түйе - байлық үшін» деген мақалдың мәнін меңзегендей. Жүрсен көлік, ішіп-жесең азық, сенімді серікке, жеті қазының біріне айналған жылқыны міну, ат тізгінін ұстау тек ер азаматтарға ғана тән емес екені белгілі.*



Қазіргі таңда атқа міну өнеріне қызуғышылық танытатын жастар аз емес. Сондай студенттеріміздің бірі - Еркеназ. Бүгінде Қазақ филологиясы мен журналистика кафедрасының "Қазақ тілі мен әдебиеті" білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Шағыманова Еркеназ жылқыны сенімді серігіндей көреді. Ауылдың қызы болғандықтан, атқа міне білу керек деп есептейді. Бала күнінде атқа мінгенді жай қызық көрген ол, мектеп кезінде Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын оқи отырып, жануардың киелі екенін түсінген. Бала күнінде тек серуендеп жүрсе, бүгінгі күні атқа шауып үйреген. Қаланың қытымыр тіршілігі қажытқан кезде, атқа міну арқылы демалуға кеңес береді. Ғаламтор желісінен атқа мінудің пайдасы туралы оқып білгеннен кейін, атқа міну өнерін меңгергісі келген.



Ғалымдардың айтуы бойынша, аттың бірқалыпты жай жүрісінің өзінде оған мінген адамның денесінде 110 түрлі тербеліс туады екен. Яғни, барлық буын қозғалысқа түседі деген сөз. Сол себепті атқа міну – адамға биохимиялық тұрғыда оң ықпал етіп, ағзаны нығайта түседі.

Жылқыға отырған сәттен бастап тақымға берілетін жылу қан айналымының жылдамдығын арттырып, бойдағы тараған қан саусақтың ұшына дейін айналып шығады екен. Иппотерапия әсіресе жұлынға зақым келгенде, миға қан құйылғанда, жабық бас сүйек-ми жарақатын алғанда, мінез-құлық өзгеріске ұшырағанда, көңіл күй төмендегенде, ұмытшақтық пайда болғанда, шорбуынға және тірек-қимыл аппараты қызметі бұзылғанда, бір сөзбен айтқанда, адамның жүйке жүйесіне қатысты ауруларды емдеуге қолданылады. Тіпті, есту қабілеті мен көздің көру нашарлағанда да өз пайдасын тигізеді дейді мамандар. Студентіміздің пікірінше, жылқы - тектілік пен батырлық рухтың, солай бола тұра, нәзіктіктің еркіндіктің, шексіз энергияның, жаратылыс пен байланыстың символы. Бос уақытын да атпен серуендеуге арнауға дайын. Жылқының қадір қасиетін түсінетін жастарымыздың болғаны әрине, көз қуантарлық дүние. Еркеназға тек биік белестерді бағындыруды тілейміз!

Құрылтайшысы:  
«Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
университеті»  
КеАҚ



Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінің  
Ақпарат комитеті  
берген тіркеу куәлігі  
№ 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ  
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ  
Фотограф: Мұратжан МҰРАТОВ

✉ [semgu\\_2020@bk.ru](mailto:semgu_2020@bk.ru)  
🌐 <http://shakarim.edu.kz/>  
📷 [@shakarim\\_university](https://www.instagram.com/shakarim_university)

Білім алушы жастарға арналған  
ақпараттық-танымдық басылым  
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті» КеАҚ медиа орталықта  
басылып шығарылды.  
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:  
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а